

2023 ж. 12 10 ЗАНДЫ
ТҮЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТИРКЕУ ЖУРГІЗЛДІ
Бизнес-сайкестендіру нөмірі
020840003353
Тіркеу № 1998-1959-кмд



Түркістан облысының әкімдігінің
2023 жылғы
Казынашылық мемлекеттік
мекемесінен бекітілген
мемлекеттік
мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

**Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің №19
Б.Майлин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің №19 Б.Майлин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) білім функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме үйымдық құқықтық нысанында құрылған, занды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Түркістан облысы әкімдігі болып табылады (бұдан әрі - Құрылтайшы).
3. Тағті саланың үекілді органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімі (әрі қарай – Үекілді орган) болып табылады.
4. Мемлекеттік мекеменің атауы: Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің №19 Б.Майлин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
5. Мемлекеттік мекеменің тұрган жері: индекс 160930. Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Келес ауданы, Алпамыс батыр ауылдық округі, Қауыншы ауылы, Б.Майлин көшесі №50

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің зандық мәртебесі

6. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес тенгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.
7. Мемлекеттік мекеме басқа занды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.
8. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе облыстық бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.
9. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

10. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауга бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.
11. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты: тұлғаны қалыптастыруға және

дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдайлар жасау; олардың шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру; азаматтылық пән патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін күрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге тәзбеуге тәрбиелеу.

12. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет турлерін жүзеге асырады:

- 1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;
- 2) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 3) қысқартылған оқыту мерзімімен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 4) ата-аналарды және өзге де занды өкілдерді, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жыл сайын ағымдағы оқу жылының сонына дейін:

алдағы оқу жылында пайдалануға ұсынылатын окулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесі туралы;

- 5) білім беру бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру;
- 6) ұлттық бірыңғай тестілеуді қоспағанда, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу;
- 7) өз қаржы қаражаттары шектерінде қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогтердің міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуін қамтамасыз ету;
- 10) мемлекеттік мекемені материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жарақтандыру мен жабдықтау;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) ұсыну;
- 12) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;
- 13) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындастын тәртіппен білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету;
- 14) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- 15) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен ныгайтуды қамтамасыз ету;
- 16) балалардың денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпаратқа қол жеткізуін шектеуге арналған, байланыс операторларының көрсетілетін қызметтерін пайдалана отырып, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің Интернетке қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 17) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді беруді қамтамасыз ету;
- 18) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді асырау және олардың тіршілік ету жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;
- 19) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету;

21) кадрларды кәсіптік даярлаудың қазіргі заманғы нысандарын енгізу жатады.

13. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметтінің мәні мен максаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

14. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле: тиісті саланың уәкілетті органының немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тaraу. Мемлекеттік мекемені басқару

15. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Уәкілетті орган жүзеге асырады.

16. Уәкілетті орган колданыстағы заңнамаларда белгіленген ретпен мынадай функциялар жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілдегі мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер кабылдау тәртібін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

6) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

7) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметтінің истихесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта болуге жазбаша келісімін береді;

9) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тагайындалады және қызметтен босатылады.

18. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді. Уәкілетті органға тікелей багынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

19. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қагидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметтінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

20. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

21. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да үйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлердің қазақстандық және шетелдік оку орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жогарылатудың озге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бүйректар шығаралы және нұскаулар береді;

8) Уәкілетті орган тағайындастының қызметкерлерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелу және жазалау шараларын қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындауды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және Уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Білім беру бағдарламаларының тізбесі

22. Білім беру процесінің мақсаты мыналар болып табылады: имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі.

23. Мемлекеттік мекеменің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен менгеру үшін негіз жасауға бағытталған.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мазмұнына қарай мынадай оқу бағдарламаларына:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;
- 4) жалпы орта білім беру болып бөлінеді.

Дарынды адамдардың әлеуетті мүмкіндіктерін неғұрлым толық дамыту үшін оқу бағдарламасының жекелеген пәндерін терендептік оқытуды көздейтін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары әзірленеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнаулы оқу бағдарламалары әзірленеді.

6-тарау. Мекемеге қабылдау тәртібі

24. Мемлекеттік мекемеде білім алушылардың қатарына қабылдау білім беру мемлекеттік мекеме басшысының бүйрүғы негізінде жүргізіледі.

25. Бастауыш сыныпқа дайындық денгейіне қарамастан, мемлекеттік мекеме қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

26. Баланың ата-аналары немесе өзге занды өкілдері келесі құжаттар тізбесін «Электрондық үкімет» веб – порталы (бұдан әрі – Портал) портал арқылы ұсынады:

1) ата-аналардың немесе басқа занды өкілдердің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандығы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қагидаларын бекіту туралы» № 564 бүйрүғымен бекітілген

1-қосымшасының нысанына сәйкес өтініш;

2) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-75/2020 бүйрүғымен бекітілген № 065/у нысанды денсаулық жағдайы туралы анықтама және «Бала денсаулығы паспорты» 026/у-3 есеп нысаны, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бүйрүғымен бекітілген № 026/у-3 нысан денсаулық жағдайы туралы анықтама;

3) баланың 3x4 см өлшеміндегі цифрлық фотосуреті.

Қызмет берушіге қағаз жүзінде:

1) ата-аналардың немесе басқа занды өкілдердің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандагы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуга қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген

1-қосымшасының нысанына сәйкес өтініш;

2) жеке басын растайтын құжаттың түпнұсқасы (түпнұсқасы сәйкестендіру үшін қажет, ол көрсетілетін қызметті алушыга қайтарылады);

3) денсаулық жағдайы туралы анықтама «Денсаулық сактау үйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандагы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 065/у нысанды денсаулық жағдайы туралы анықтама және «Бала денсаулығы паспорты» 026/у-3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі «Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау министрінің м.а. 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығымен бекітілген № 026/у-3 нысан денсаулық жағдайы туралы анықтама;

4) баланың 2 данада 3x4 см өлшеміндегі фотосуреті.

Шетелдік және азаматтығы жоқ көрсетілетін қызметті алушылар өздерінің мәртебесін айқындастын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар мынадай құжаттардың бірін ұсынады:

16 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары немесе занды өкілдері шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар өз баласын білім беру үйымдарын анықтау барысында облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана аудан (облыстық маңызы бар қала) білім басқармаларына өтініш жасайды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқық берілген құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік - шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын - босқынның куәлігі;
- 4) паналатуды іздеуші тұлға - паналатуды іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) қандас – қандас куәлігі.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәланыратын құжат, баланың туу туралы куәлігі, мекенжай анықтамасы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруши тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырган, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда № 065/у и 026/у-3 нысандары медициналық анықтамаларды көрсетілетін қызметті алушылар осы аумақта шектеу іс-шараларын алып тастауға, төтенше жағдайдың қолданысын тоқтатуға қарай тікелей білім беру үйымдарына ұсынады.

Құжаттарды қабылдау ағымдағы құнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады.

Бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты ағымдағы жылдың 25 тамызынан кешіктірілмей шығарылады.

27. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандагы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуга қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген 2-қосымшага сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде (сот шешімін, басқа елді мекенге көшуді Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кетуді қоспағанда) портал арқылы жүзеге асырылады.

28. Екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызынышы сыныптарына қабылдау Мемлекеттік мекеменің қызмет көрсету аумагында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

29. Оныншы, он бірінші (он екінші) сыныптарына білім алушыларды қабылдау Мемлекеттік мекеменің қызмет көрсету аумагында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе занды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік мекемеге қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және білім саласындағы уәкілетті органның бұйрығына сәйкес, жүзеге асырылады.

Өтініштер күнтізбелік жылдың 15 тамызға дейін қабылданады.

7-тaraу. Білім беру үйымынан білім алушылар мен тәрбиеленушілерді шығару негіздері және тәртібі

31. Он алты жасқа дейінгі балаларды орта білім беретін мемлекеттік үйымдардан шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру үйымдарының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру үйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы үйымдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрган кәмелетке толмағандарды орта білім беретін мемлекеттік үйымдардан шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

8-тaraу. Білім беру үйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де занды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

32. Мемлекеттік мекеме мен ата-аналар немесе занды өкілдер арасындағы қарым-қатынас білім алушылар мен тәрбиеленушілерді мемлекеттік мекемеге қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі.

33. Кәмелетке толмаған оқушылардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдеріне білім беру үйымдарынан балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары туралы ақпарат алу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

9 -тaraу. Білім беру процесін үйымдастыру (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, сабак режимі)

34. Мемлекеттік мекеменің оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Меншік нысандарына қарамастан барлық білім беру үйымдары білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етуге тиіс.

35. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабак режимі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар, оқу жоспарлары мен деңсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсыныстары негізінде әзірленген мекеме бекітетін ережелермен айқындалады.

36. Мемлекеттік мекеме білім алушыларды білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды өткізуудің нысандарын, тәргібін және кезеңділігін дербес таңдайды.

37. Оку-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарына білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде құрметпен қарau негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануга жол берілмейді.

38. Мемлекеттік мекеме тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Мемлекеттік мекеме нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасызық пен айырықшалықты насиҳаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насиҳаттауға тыйым салынады.

39. Әскерге шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы білім алушылардың негізгі орта білім беру базасындағы алғашқы әскери даярлығы - жалпы орта білімнің жалпы орта білім беретін оку бағдарламаларын, іске асыратын білім беру үйімдарында жүзеге асырылады.

10- тарау. Білімді ағымдағы бақылау жүйесі, білім алушыларды аралық аттестаттау және қорытынды аттестаттау, оларды өткізуінің нысандары мен тәртібі

40. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, білім (ортак тақырып) аяқталғаннан кейін оку материалдарының мазмұнын менгеру деңгейін анықтау және қадагалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

1-сыныпта білім алушылардың оку жетістіктері бағаланбайды.

1) 2-11 сынып оқушыларына формативті бағалау, білім/ортак тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі ТЖБ) нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оку жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады;

2) Сабакта БЖБ орындау үшін өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен уақытын педагог дербес айқындаиды;

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек;

3) БЖБ және ТЖБ қойылатын қорытынды балды қою кезінде қолмен жөнделген жер, сондай-ақ оку тапсырмалары мен есептер шарттарын ресімдеуі есептелмейді, мінез-құлқы үшін балдар төмendetілмейді;

4) Аптасына 1 сағат оку жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады;

5) БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортак тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортак тақырыптарды оқып-зerdelegен жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктірледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады;

6) Оку пәндерінің курделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оку пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді;

7) Үйде оқытын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқытын білім алушылардың оку жүктемесін және олардың оқып-зerdelegен оку материалын ескере отырып, сарапанған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді;

ТЕКСЕРІЛДІ

8) Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сарапанған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оку бағдарламаларын іске ассыру кезінде бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізеді;

9) «Коркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Зайырлылық және дінтану негіздері» және бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартыжылдық және оку жылдарының қорытындысы бойынша «есептелінді» (есептелінген жок) деген белгі жазылады;

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарларын (бұдан әрі – Үлгілік оку жоспары) таңдау кезінде 10-11-сыныптарда қысқартылған оку жүктемесі бар инвариантты компоненттің терендегілген және стандартты деңгейінің пәндерін таңдау кезінде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оку пәндерінен басқа пәндер бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі;

Вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған 10-11-сыныптардың оку пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оку жылдарының сонында «есептелінді» (есептелінген жок) деген белгі жазылады;

11) Қысқартылған оку жүктемесі бар Үлгілік оку жоспарларын таңдаған жағдайда БЖБ саны 11-тармаққа сәйкес жүргізіледі;

Вариативтік компонент есебінен таңдалған 5-9-сыныптардағы оку пәндері бойынша (инварианттық компоненттегі таңдау пәндері) жиынтық бағалау өткізілмейді, оку жылдарының сонында «есептелінді»/ «есептелінген жок» деген белгі жазылады;

12) Жиынтық бағалау тапсырмалары білім алушылармен орындалады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша Үлгілік оку бағдарламасына (бұдан әрі – Үлгілік оку бағдарламасы) сәйкес олар өткен материалдарды қамтиды;

13) Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын академиялық адалдық принциптерін сактай отырып педагогтер дербес дайындаиды;

14) ТЖБ өткізер алдында педагогтердің әдістемелік бірлестігінің отырысында тапсырмалардың оку мақсаттарына сәйкестігін, тапсырмалар көлемін, тапсырмаларды орындауға арналған нұсқаулықтарды, орындау уақытын талқылайды;

Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу қызметінің төрт түрі (тындалым (тындау), айтылым, оқылым, жазылым) бойынша жүргізіледі. Тындалым (тындау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабактың барысында жүргізіледі;

15) Даулы мәселелер туындаған жағдайда білім алушылардың тоқсандағы оку жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазбаша түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективтілікті және ашықтықты қамтамасыз ету үшін және/немесе педагогикалық кеңестің шешімімен педагогтер қажет болған жағдайда, ТЖБ бағасы қойылғанға дейін бір күннен кешіктірмей модерация жүргізеді;

Балдары өзгерітілуі тиіс болатын білім алушылардың тоқсандағы жиынтық жұмыстарының модерациясы жүргізілген жағдайда олар қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша ТЖБ үшін балл өсу жағына да, азаю жағына да өзгереді;

16) Білім алушылар жиынтық бағалау өткізу күні объективті себептерге байланысты (денсаулық жағдайына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, қолайсыз метеожағдайларға байланысты, барлық деңгейдегі жарыстарға, конференцияларға, олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына қатысу) болмagan жағдайда жиынтық бағалауды жеке кесте бойынша тапсырады;

8) Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сарапанған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізеді;

9) «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Зайырлылық және дінттану негіздері» және бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша «есептелінді» (есептелінген жоқ) деген белгі жазылады;

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бүйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспары) таңдау кезінде 10-11-сыныптарда қысқартылған оқу жүктемесі бар инвариантты компоненттің терендетілген және стандартты деңгейінің пәндерін таңдау кезінде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндерінен басқа пәндер бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі;

Вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған 10-11-сыныптардың оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соында «есептелінді» (есептелінген жоқ) деген белгі жазылады;

11) Қысқартылған оқу жүктемесі бар Үлгілік оқу жоспарларын таңдаған жағдайда БЖБ саны 11-тармаққа сәйкес жүргізіледі;

Вариативтік компонент есебінен таңдалған 5-9-сыныптардағы оқу пәндері бойынша (инварианттық компоненттегі таңдау пәндері) жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соында «есептелінді»/ «есептелінген жоқ» деген белгі жазылады;

12) Жиынтық бағалау тапсырмалары білім алушылармен орындалады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бүйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша Үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес олар өткен материалдарды қамтиды;

13) Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып педагогтер дербес дайындейді;

14) ТЖБ өткізер алдында педагогтердің әдістемелік бірлестігінің отырысында тапсырмалардың оқу мақсаттарына сәйкестігін, тапсырмалар көлемін, тапсырмаларды орындауға арналған нұсқаулықтарды, орындау уақытын талқылайды;

Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу қызметінің төрт түрі (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) бойынша жүргізіледі. Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабактың барысында жүргізіледі;

15) Даулы мәселелер туындаған жағдайда білім алушылардың тоқсандағы оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазбаша түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективтілікті және ашықтықты қамтамасыз ету үшін және/немесе педагогикалық кеңестің шешімімен педагогтер қажет болған жағдайда, ТЖБ бағасы қойылғанға дейін бір күннен кешіктірмей модерация жүргізеді;

Балдары өзгертуі тиіс болатын білім алушылардың тоқсандық жиынтық жұмыстарының модерациясы жүргізілген жағдайда олар қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша ТЖБ үшін балл өсу жағына да, азаю жағына да өзгереді;

16) Білім алушылар жиынтық бағалау өткізу күні объективті себептерге байланысты (денсаулық жағдайына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, қолайсыз метеожағдайларға байланысты, барлық деңгейдегі жарыстарға, конференцияларға, олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына қатысу) болмаған жағдайда жиынтық бағалауды жеке кесте бойынша тапсырады;

Ағымдағы тоқсан/жартышылдық аяқталғанға дейін жиынтық жұмыстарды тапсырмадан жағдайда білім алушыға жиынтық жұмыстарды тапсырғанға дейін «уақытша аттестатталмады» деген белгі электронды журналда қойылады. Тапсыру қорытындысы бойынша төртінші/жартышылдық баға қойылады;

17) БЖБ және ТЖБ қорытындысы болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі.

41. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын менгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және мынадай нысандарда өткізіледі:

- 1) 9 (10) сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;
- 2) 11 (12) сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

42. 1-8 (9), 10 (11) сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау қарастырылмайды.

43. Қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын менгерген 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушылары жіберіледі.

44. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын менгерген 9 (10) сынып білім алушылары төрт пәннен емтихан тапсырады, оның біреуі таңдау бойынша.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын менгерген 11 (12) сынып білім алушылары бес емтихан түрінде қорытынды аттестаттау тапсырады, олардың біреуі таңдау бойынша.

45. 9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе);

2) математикадан (алгебрадан) жазбаша емтихан;

3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;

4) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) бойынша жазбаша емтихан.

46. 11 (12) сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан;

2) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан;

4) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан;

5) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі), шетел тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) жазбаша емтихан.

47. Білім алушылардың аралық аттестаттау және қорытынды аттестаттау, оларды өткізуіндін нысандары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына және білім саласындағы үәкілетті органның бүйріғына сәйкес жүзеге асырылады.

11- тарау. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі мен тәртібі

48. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс, ақылы қызметтер көрсету туралы шартты жасай отырып, ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабактар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабактар және сабактардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиленушілер, педагогтер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оку-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музика аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысуышылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе участекелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру.

49. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыш жайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мүліктік жалдауға (жалға) беруден алынған кірістерді өзі дербес пайдаланады.

50. Ақылы негізде қызметтер көрсететін білім беру ұйымдарының және білім алушының (тәрбиленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

Оқуға төлемді кезең-кезеңмен төлеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғаюы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертуі мүмкін.

12-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

51. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның тәңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаган өзге де қаржылық көздері есебінен құрылады.

52. Мемлекеттік мекеме дербес иелікten шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

53. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 161-бабының 2-тармағында көзделген салаларында мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін акшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

54. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті жергілікті немесе республикалық бюджеттен қаржыландырады.

55. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

56. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

13-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

57. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қагидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайши келмеуі тиіс.

14-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

58. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады, және «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес тіркеу органында тіркеледі.

15-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

59. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

60. Мемлекеттік занды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

61. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік занды тұлғаның мүлкін Уәкілетті орган қайта бөледі.

62. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

16-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

63. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.